



# ОЛЬГА ШИШИГИНА ОСЫНШАМА СЕСКЕНБЕЙ, СЕС КӨРСЕТЕТІНДЕЙ КІМГЕ СЕНІП ЖҮР?

→3

# ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы  
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық  
апталық

qazaqsporty.kz

№40 (5391)  
9 қараша 2022 жыл

Газет сәрсенбі  
күні шығады

kazakh\_sporty@mail.ru

## АБЗАЛ ӘЖҒАЛИЕВ – ӘЛЕМ КУБОГЫ КЕЗЕҢІНІҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ



**АБЗАЛ ӘЖҒАЛИЕВ АҚШ-ТЫҢ СОЛТ-ЛЕЙК-СИТИ ҚАЛАСЫНДА ШОРТ-ТРЕКТЕН ӨТІП ЖАТҚАН ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ 2-КЕЗЕҢІНДЕ КҮМІС МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ СПОРТТЫ ДАМУ ДИРЕКЦИЯСЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

Қазақстандық шорт-трекші 500 метрге жарыста тек канадалық Максим Лауннан қалып кетті. Үздік үштікті оңтүстік корейлік Ли Жун Со түйіндеді.

Бұдан бөлек, Нұртілек Қажығали 1500 метрлік сында финалда бақ сынап, 5-сатыдан көрінді. Айта кетейік, Монреальда (Канада) өткен Әлем Кубогының алғашқы кезеңінде

ерлер құрамасы 5 шақырым эстафетада күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал Солт-Лейк-Ситидегі (АҚШ) 2-кезеңде Ұлттық құрама 3 жүлде жеңіп алды. Әуелі Абзал Әжғалиев 500 метрде мәреге 2-болып келді. Ертесіне Денис Никиша 500 метрге жарыста күміс жүлдегер атанса, Әділ Ғалиахметов мың метрге жарыста үздік үштікті түйіндеді.

Қазақстан құрамасы шорт-трекшілері үшін де, жанкүйерлер үшін қуанышты жаңалық. Алматы қаласында 9-11 желтоқсан аралығында шорт-тректен Әлем Кубогының III, 16-18 желтоқсан аралығында IV кезеңі өтеді. «Халық Арена» мұз сарайында әлемнің 30 елінің мықты спортшылары бақ сынамақ. Бұл қатарда Олимпиада мен Азия ойындарының жеңімпазы, Әлем чемпионаты мен Әлем Кубогы кезеңдерінің жүлдегерлері бар.

\*\*\*

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**  
ӨТКЕН АПТАНЫҢ СОҒҒЫ КҮНДЕРІ МЕН ОСЫ АПТАНЫҢ БАСЫНДА ЕЛ СПОРТЫ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ДОДАЛАР ӨТТІ. СОНҢЫҢ БІРІ – КӘСІПҚОЙ БОКСТА АТОЙ САЛЫП ЖҮРГЕН АЙДОС ЕРБОСЫНҰЛЫ МЕН КУБА ҚАБЫЛАНЫ ДАВИД МОРРЕЛЬ АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ ДЕГЕН АТАҚ ҮШІН БОЛҒАН ЖЕКПЕ-ЖЕК. АҚШ-ТЫҢ СОЛТ-ЛЕЙК-СИТИ ҚАЛАСЫНДА ШОРТ-ТРЕКТЕН ӨТІП ЖАТҚАН ӘЛЕМ КУБОГЫ, ИОРДАНИЯ АСТАНАСЫ АММАНДА ЖАЛАУЫ ЖЕЛБІРЕГЕН БОКСТАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ, СОНДАЙ-АҚ ТАҒЫ БІР МАҢЫЗДЫ ДОДА ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ СПОРТСҮЙЕР ҚАУЫМДЫ БЕЙ-ЖАЙ ҚАЛДЫРМАСЫ АНЫҚ. ОСЫ АЙТУЛЫ ЖАРЫСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ **5 ҚАРАШАДА ЖАРЫҚ КӨРУГЕ ТИІС БОЛАТЫН ГАЗЕТТІҢ НӨМІРІ 9 ҚАРАШАДА ҚОЛДАРЫҢЫЗҒА ТИІП ОТЫР.**

РЕДАКЦИЯ

## ТӨЛТАЕВТЫ КІМ СҮЙРЕП ЖҮР?

ИОРДАНИЯ АСТАНАСЫ АММАН ҚАЛАСЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛЫНА ШЫҚҚАН БОКСШЫЛАР БЕЛГІЛІ БОЛДЫ. ЕЛІМІЗДІҢ ЕРЛЕР ҚҰРАМАСЫ САПЫНАН ТЕК САНАТӘЛІ ТӨЛТАЕВ ЖАРЫС ЖОЛЫНАН ШЫҒЫП ҚАЛДЫ. АЛ ҚАЛҒАН 12 БОКСШЫ ЖҮЛДЕГЕ ІЛІКТІ. ҚЫЗДАР АРАСЫНДА ДА ТАБЫСЫМЫЗ ЖАМАН ЕМЕС. БҮГІНДЕ АРУЛАРЫМЫЗ ТОҒЫЗ МЕДАЛЬҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗІП ОТЫР.

Хош, сонымен жарыстың алғашқы күнінде күтпеген жерден 63,5 келі салмақ дәрежесінде жұдырықтасатын Санатәлі Төлтаев ұтылып қалды. Ол былтырғы Өзбекстан чемпионы Руслан Абдуллаевпен кездескен болатын. Жекпе-жек қорытындысы бойынша өзбек боксшысы 5:0 есебімен жеңіске жетті.

→2

## ТУРИЗМ – ТАБЫСТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

**ДЕСЕК ТЕ ОСЫ САЛАНЫ  
ӨЗ МӘНІНДЕ ДАМУҒА  
АЛМАЙ ОТЫРҒАНЫМЫЗ РАС!..**

Туризм Мальдив елінде бюджеттің 66,1 пайызын, Сейшель аралдарында 65,8 пайызын, Испанияда 62, Таиландта 22,1 пайызын құраған. Туристер үшін тартымды елдердің көшіін Франция бастап тұр. Бұл елге 2019 жылы 86,7 миллион адам сапар шеккен екен. Венецияға жылына демалуға келетін туристердің саны 25 миллионнан асқан. Бұл көрсеткіш Аустралия халқының санынан да көп көрінеді. Бауырлас Түркия елінің туризм саласындағы жетістіктері тіпті ерен десек те болады. Келер жылы Түркия мемлекетінің тәуелсіздігіне 100 жыл толмақшы. Түркиялықтар осы мерейтойдың құрметіне 2023 жылы 100 миллион туристі қарсы алуға сақадай сай.

→4

## ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕСІ НӨМІРІ 19 ҚАРАШАДА ШЫҒАДЫ

### БАСПАСӨЗ-2023



Myrzagali AITJANOV, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2023 жылға жазылу наұқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – **64190**, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – **14190**.

### ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»						
Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	446,25 464,87	1338,75 1394,61	2677,50 2789,22	5355,00 5578,44	Қала Аудан/ауыл
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	686,25 704,87	2058,75 2114,61	4117,50 4229,22	8235,00 8458,44	Қала Аудан/ауыл

«Эврика пресс»					
Индексі	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00

«Еуразия пресс»					
Индексі	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00

«Бектұрғанов»					
Индексі	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00

# ТӨЛТАЕВТЫ КІМ СҮЙРЕП ЖҮР?

← 1

Құрлық біріншілігінің алдында осы салмақта кім баратыны әзер шешілді. Өйткені қазір құрамада Олимпиадаға барған Зәкір Сафиуллин жоқ. Оның орнында бірнеше жас боксшы жүр. Солардың арасында Мұхамедсабыр Базарбайұлы мен кезіндегі даңқты боксшымыз Руслан Мусиннің ұлы Сұлтан да бар еді. Бірақ бапкерлер ұстабының таңдауы Санатәлі Төлтаевқа түскен. Бейресми мәліметтерде Төлтаев жеке спаррингтік кездесуде Базарбайұлынан басым түсіпті. Алматы облысының тумасы, бүгінгі күні Маңғыстаудың намысын қорғап жүрген боксшының баратынына әлеуметтік желіде қарсылық білдіргендер де бар еді.

Жекпе-жекпен ұлттық құраманың бас бапкері Қайрат Сәтжанов Bassport.kz тілшісіне пікірін білдірді.

«Азия чемпионатына аттанарда біз екі салмақта спаррингтік кездесулер өткіздік. Яғни 63,5 және 75 келіге дейінгі салмақта құрлықтық сынға кімнің қатысатынын көпке дейін анықтай алмадық. Егер бір боксшы айқын басымдық танытып тұрса, ойланбастан апарушы едік. Сол себепті біріншілік қарсаңында спаррингтік кездесулер өткіздік. Аталған жекпе-жектерді федерацияның атқарушы директоры Азиз Қожамбетов, мемлекеттік жаттықтырушы Мерей Ақшалов арнайы келіп тамашалады. Бапкерлер де сол жерден табылды. Аталған сында Санатәлі өз қарсыластарының бәрін жеңді. Алдымен Сұлтан Мусиновты, кейін Мұхамедсабыр Базарбайұлымен ұтты», – дейді Қайрат Сәтжанов.

Ол: «бүгінгі кездесуде Төлтаев қолынан келгеннің бәрін істеді. Бірінші секундтан бастап, ең соңына дейін тынған жоқ», – деп айтты.

«Шамасы жеткенше айқасты. Бар күш-жігерін салды. Біздің есебімізше, бірінші және үшінші раундтарды Санатәлі жеңгендей еді. Бірақ жеңісті қарсыласқа берді. Егер Азия чемпионатына Санатәлі емес, басқа боксшымыз келіп, тап осы өзбек боксшысымен шығатын болса, ауыр соққы алып қалар еді. Өзбекстан намысын қорғайтын Руслан Абдуллаев – негізі қазақ бала», – дейді бас бапкер.

Санатәлі 2019 жылғы Азия чемпионатында қола жүлде алған. Бангкоктағы біріншіліктің жартылай финалында өзбекстандық Баходир Усмоновқа есе жібергені бар.

Сонымен, жексенбі күнгі бәсекелердің қорытындысы бойынша, Қазақстан құрамасының 14 боксшысы жартылай финалдық межеден көрінсе, дүйсенбі күні тағы жеті былғары



қолғап шеберіміз жүлдегерлер қатарын толықтырды.

Алтыншы жарыс күнінің күндізгі сессиясында Қазақстан боксшыларынан бірінші болып 54 келі салмақ дәрежесіндегі отандасымыз Махмұд Сабырхан шаршы алаңға көтерілді. Былтырғы әлем чемпионатындағы табысты өнерінен кейін жанкүйерлердің көзайымына айналған Махмұд Сары құрлық біріншілігіндегі алғашқы айқасын моңғолиялық Дорьныамбу Ганболден өткізіп, 5:0 есебімен жеңіске жетті. Бір жекпе-жек арқылы жартылай финалға шыққан ол кем дегенде құрлық бәсекесінің қола жүлдесін иеленеді. Дегенмен алтыннан үмітті боксшымыз финалға шығу үшін 10 қарашада өзбекстандық Шахзод Музафаровпен кездеседі.

Сабырханның ізін ала рингке 57 келі салмақтағы Серік Теміржанов шығып, ол да жартылай финалға жолдама алды. Жергілікті боксшы Юсеф Иашашпен қолғап түйістірген отандасымыз төрешілердің бірауыз шешімімен басым түсті. Енді жартылай финалда ол үндістандық боксшымен кездеседі.

Сондай-ақ 60 келідегі Саматәлі Төлтаев та Азия біріншілігіндегі алғашқы жекпе-жегіне сәтті өткізіп, қырғызстандық Мирзохид Иманназаровтан төрешілердің аралас шешімімен айласын асырды. Жастар арасындағы Азия чемпионы Саматәлі

**Бокстан Азия чемпионатының жартылай финал жекпе-жектері 9-10 қарашаға жоспарланған. Ал биылғы чемпиондар мен жүлдегерлер 11-12-не белгілі болмақ. Назарларыңызға Ұлттық құрама спортшыларының кіммен жұдырықтасатынын ұсынамыз:**

#### ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛ. 10 ҚАРАША:

- 48 кг. Санжар Ташкенбай – Кумар Сахани Говинд (Үндістан)
- 51 кг. Сәкен Бибосынов – Томоя Цубои (Жапония)
- 54 кг. Сабырхан Махмұд – Шахзод Музафаров (Өзбекстан)
- 57 кг. Серік Теміржанов – Мұхаммад Хуссамуддин (Үндістан)
- 60 кг. Саматәлі Төлтаев – Әбу Джадже Мухаммед (Иордания)
- 67 кг. Дулат Бекбауов – Асадхужа Мудинхужаев (Өзбекстан)
- 71 кг. Асланбек Шымбергенов – Отгонбатыр Биамба (Моңғолия)
- 75 кг. Нұрқанат Райыс – Мусави Сейедшахин (Иран)
- 80 кг. Нұрбек Оралбай – Хусейн Әйшайшиашайш (Иордания)
- 86 кг. Сағындық Тоғанбай – Рияд Адельхидави Одаи (Иордания)
- 92 кг. Айбек Оралбай – Туфан Шарифи (Иран)
- +92 кг. Қамшыбек Қоңқабаев – Мұхаммад Аброридинов (Тәжікстан)

#### ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛ. 9 ҚАРАША:

- 48 кг. Алуа Балқыбекова – Фарзона Фозилова (Өзбекстан)
- 50 кг. Назым Қызайбай – Цукими Намика (Жапония)
- 52 кг. Жазира Орақбаева – Ринка Киношита (Жапония)
- 54 кг. Жайна Шекербекова – Хуан Сяовэнь (Тайвань)
- 57 кг. Карина Ибрагимова – Нести Петесио (Филиппин)
- 66 кг. Мадина Нұршаева – Чой Хонгу (Оңтүстік Корея)
- 70 кг. Дариға Шәкімова – Чэнь Ньэнь-чэнь (Тайбэй)
- 81 кг. Гүлсая Ержан – Ти Хонг Нгуен (Вьетнам)
- +81 кг. Ләззат Күнгейбаева – Алфия Тараннум Акрам (Үндістан).

финал жолдамасын жергілікті боксшымен сарапқа салады.

Кешкі сессияда бақ сынаған жеңіл салмақтағы Санжар Тәшкенбай

ширек финалда қырғызстандық Мирлан Туркбайұлын тізе бүктірді. 1/8 финалда өзбек боксшысын жарыс жолынан ығыстырған Санжарға қырғыз боксшысы

да қарсылық көрсете алған жоқ. Отандасымыз енді жартылай финалда үндістандық былғары қолғап шеберімен жұдырықтасады.

Ерлер арасында соңғы болып шаршы алаңға ел чемпионы Дулат Бекбауов (67 келі) шықты. Алғашқы айқасын сәтті өткізген отандасымыз ширек финалда тағы бір қырғызстандық Жакшылық Талайбековтен айласын асырды. Дулат финалға шығу үшін бірнеше халықаралық турнирдің жеңімпазы өзбекстандық Асадхужа Муйдинхужаевпен жекпе-жек өткізеді.

Жексенбі күнгі жарыс күнінде бақ сынаған қыздарымыздан тек Алуа Балқыбекова (48 келі) ғана жартылай финалға жолдама алды. Былтырғы Азия чемпионатында топ жарған отандасымыз ширек финалда Таиланд өкілі Тхипсатчей Йодвариді төрешілердің бірауыз шешімімен қапы қалдырды.

Өкінішке қарай, былтырғы боксшылар додасында алтыннан алқа таққан 60 келідегі Римма Волосенко ширек финалда моңғолиялық қарсыласын екі рет нокаунға түсірсе де, төрешілер моңғол қызы Номин-Эрдене Тугсжаргалдын қолын көтерді. Сөйтіп, Волосенко былтырғы Азия чемпионы атағын сақтай алмады.

Осылайша, ширек финал жекпе-жектерінен кейін 14 боксшымыз жартылай финалға жолдама жеңіп алды. Атап айтқанда, Санжар Тәшкенбай (48 келі), Сәкен Бибосынов (51 келі), Махмұд Сабырхан (54 келі), Серік Теміржанов (57 келі), Саматәлі Төлтаев (60 келі), Дулат Бекбауов (67 келі), Алуа Балқыбекова (48 келі), Жазира Орақбаева (52 келі), Жайна Шекербекова (54 келі), Карина Ибрагимова (57 келі), Мадина Нұршаева (66 келі), Дариға Шәкімова (70 келі), Гүлсая Ержан (81 келі) және Ләззат Күнгейбаева (+78 келі) жартылай финалға аяқтасатын болды.

Сондай-ақ бір күн артқа тастап Асланбек Шымбергенов (71 келі) үндістандық Сачинмен, Нұрқанат Райыс (75 келі) қырғызстандық Сағын Сатыбалдыұлымен, Нұрбек Оралбай (80 келі) таиландтық Вирапон Чонджохомен, Сағындық Тоғамбай (86 келі) тәжікстандық Навруз Джафоевпен, Айбек Оралбай (92 келі) үндістандық Навин Кумармен, Қамшыбек Қоңқабаев корейлық До Хен Киммен және Назым Қызайбай (50 келі) моңғолиялық Балсан Мунгунсармен күш сынасып, барлығы да қарсыластарынан басым түсті.

Айта кетейік, Амманға барған қазақстандық боксшылар арасында тек Санатәлі Төлтаев (63,5 кг), Римма Волосенко (60 кг), Анда Әбікеева (63 кг) мен Валентина Хальзова (75 кг) жүлдесіз қалды.



Фото: Спортты дамыту дирекциясы РМҚК бастасыз хэзметі

## ЖЕРЛЕСІМІЗ ЕР ЕКЕН

**АҚШ-ТЫҢ МИННЕАПОЛИС ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН КӘСІПҚОЙ БОКС КЕШІН КҮЛЛІ АЛАШ ЖҮРТІ ТАҒАТСЫЗДАНА КҮТТІ. ӨЙТКЕНІ WBA НҰСҚАСЫ БОЙЫНША СУПЕР ОРТА САЛМАҚТА ӨНЕР КӨРСЕТИП ЖҮРГЕН АЙДОС ЕРБОСЫНҰЛЫ ЖЕКПЕ-ЖЕГІН ЖЕҢІСПЕН АЯҚТАҒАН ЖАҒДАЙДА ҚАЗАҚТЫҢ ТАҒЫ БІР БЫЛҒАРЫ ҚОЛҒАП ШЕБЕРІ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНАТЫН ЕДІ. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, АЙТУЛЫ БОКСШЫҒА ОҢДАЙ БАҚ БҰЙЫРМАДЫ.**

2015 жылдан бері кәсіпқойлар арасында күш сынасып жүрген 30 жастағы қандасымыз сол кезден бері 16 кездесу өткізіп, барлығында жеңіске жетті. 11 кездесуді мерзімінен бұрын аяқтады. Осы табыстарының арқасында Айдос әлем чемпионы атағы үшін таласу мүмкіндігіне ие болды. Қарсыласы одан алты жас кіші. Десек те майталман мамандардың тарапынан Дэвид Моррельдің әлеуеті өте жоғары бағалануда. Кубада туып-өсіп, кейіннен АҚШ-қа қоныс аударған ол өзінің мықтылығын бірден мойындатты. Кәсіпқой рингте небәрі жеті жекпе-жек өткізгеніне қарамастан, Дэвид әлем чемпионы атанып қана қоймай, өзіне тиесілі алтын белбеуін үш мәрте сәтті қорғады.



Миннеаполистегі бәсекеде Моррельдің басымдығы бірден байқалды. Кубалық қабылан өзінің бойы мен қолының ұзындығын ұтымды пайдаланды. Қандасымызға қарағанда әлдеқайда жылдам әрі әжіл қимылдаған ол үнемі оның алдын орап отырды. Соққыларын жиі дарытып,

дәл тигізе білді. Шыны керек, алғашында біз Ербосынұлы «бұл екпінге шыдамайтын шығар» деп ойладық. Өйткені бастапқы раундтардың өзінде Дэвидтің бірнеше соққысы оған оңбай тиді. Сол кеште ауыр апперкоттар мен жойқын хуктардың сан түрін көрдік. Кейбірі тіптен

Айдосты есенгіретіп тастағандай көрінді. Оның үстіне, жерлесіміздің кеңсірігінен кеткен қанды тоқтату да оңай болмады.

Бірақ Айдос ер екен. Қаншама ауыр соққы алса да, бәріне шыдап бақты. Беті қанға боялып, көзі көруден қалса да, соңына дейін айқасты. Қарсыласын айқын жеңе алмайтынына көзі жеткен Моррель 12 раунда басталған бетте айлаға жүгінді. Аңғал Айдос абайсызда жасалған белден төмен соққысы үшін кешірім сұрап тұрған сәтте Дэвид оны ұрып құлатты. Төреші нокаунд белгіледі. Бұл жерде біз Бостандық аралы өкілін кінәлаудан аулақпыз. Барлық кінә – Айдостың өзінде. Боксшы қандай кезде де бәріне дайын және сақ болуы керек. Бұл – бокстың заңдылығы! Дәл осы соққыдан кейін Ербосынұлы өз-өзіне келе алмады. Бәсекеңіз аяқталуына санаулы ғана секундтар қалғанда Дэвид Моррель қазақ боксшысын оң қолымен ондырмай ұрып, ауыр нокаутқа жіберді.

Дәл осы жарыстың андеркардында Абылайхан Жүсіпов те күш сынасты. Әуесқойлар арасында әлем чемпионатында үш рет қола медальды иеленген қандасымыз кәсіпқой рингтегі үшінші кездесуінде жеңіске жетті. Бұл жолы ол америкалық Демаркус Лейтонды (8-3-1, 5 КО) екінші раундта есінен тандырды.

# «АСТАНА» – ЖЕТІ ДҮРКІН ЧЕМПИОН!

**ТОҒЫЗ АЙҒА ЖАЛҒАСЫП, ТОЛҒАҒЫ ЖЕТКЕН ФУТБОЛДАН 2022 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ «АСТАНАНЫҢ» ЖЕҢІСІМЕН АЯҚТАЛДЫ. НАУРЫЗДЫҢ АЛҒАШҚЫ АПТАСЫНДА БАСТАЛҒАН ДОП ДОДАСЫ ҚАРАШАНЫҢ БІРІНШІ ЖЕКСЕНБІСІНДЕ ТІЗГІН ТАРТТЫ. 26 ТУР БОЙЫ ТУРНИР КЕСТЕСІНІҢ АЛҒАШҚЫ ҮШТІГІНЕН ТҮСПЕГЕН «АСТАНА» СОҒҒЫ ТУРДА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТІП, ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖЕТІНШІ ЧЕМПИОНДЫҒЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ. Ұзақ үзілістен кейін жүлдегерлер қатарынан көрінген «Ақтөбе» екінші орынға жайғасса, былтырғы ел чемпионы – «Тобыл» үшінші орынға табан тіреді.**

Отандық футболшы және функционер Михаил Гурманның құрметіне өткізілген ел біріншілігінің соңғы турында чемпиондықтан үміткер «Астана» Қарағандыға сапар шегіп, жергілікті «Шахтер» клубымен кездессе, «Ақтөбе» өз алаңында Алматының «Қайратымен» жасыл алаңда жолықты. Жарыс жеңімпазын анықтап беретін екі матчта да бас жүлдеден үмітті командалар жеңіске жеткенмен, соңғы тур алдында «Ақтөбенің» алдын орап кеткен елордалық ұжым Қазақстан біріншілігінің 30-шы маусымында топ жарды. 26-турда «Астана» сырт алаңда «Шахтерді» 3:2 есебімен тізе бүктірсе, «Ақтөбе» жанкүйерлерінің қызу қолдауының арқасында «Қайратты» ірі есеппен жеңді – 4:1. Осылайша, «Астана» – чемпион, «Ақтөбе» футболшылары күміс жүлдені мойнына ілді.

«Қайраттың» соңғы турдағы жеңілісін Қостанайдың «Тобылы» тиімді пайдаланып, турнир кестесіндегі үшінші орын сақтап қалды. Оралда жергілікті «Ақжайықпен» ойнаған «Тобыл» бұл матчта жеңіске жетіп қана қоймай (3:1), алаң иелерін Премьер-лигадан шығарып жіберді. Сөйтіп, «Ақжайық» келесі маусымды Бірінші

лигада өткізетін болды. Игорь Сергеев пен Серж Дебле дубліне «Ақжайық» футболшысы Илья Коваленко бір доппен жауап қайтарғанымен, командасын жоғары топта сақтап қала алмады. Дей тұрғанмен, Орал клубы үшін биылғы футбол маусымы әлі аяқталған жоқ. Олар 12 қарашада Шымкенттің «Ордабасы» клубымен Қазақстан кубогын сарапқа салады. Жеңіске жеткен ұжым келер жылғы Еурокубок ойындарына жолдама алады.

Сондай-ақ келесі жылы «Ақжайықпен» бірге Түркістанның «Тұраны» да Бірінші лигада доп тебетін болды. Бірер жыл бұрын ғана жоғары топқа қосылып, атауын «Тұран» деп өзгертіп, оңтүстіктің командасы соңғы турда «Тараздан» басым түссе де (3:2), бәрібір Премьер-лигадағы орнын сақтап қала алмады.

Ал Бірінші лигада жеңіске жеткен Көкшетаудың «Оқжетпесі» мен екінші орынға табан тіреген Қызылорданың «Қайсары» Премьер-лигаға жолдама жеңіп алды. «Оқжетпес» 2019 жылғы маусымның қорытындысы бойынша төменгі лигаға түсіп қалғанын жанкүйерлер жақсы біледі. Енді, міне, араға екі



жыл салып, жоғары топқа қайта қосылды. «Қайсар» Бірінші лигада бір ғана маусым өткізді. Сөйтіп, келесі жылғы ел чемпионатында «Оқжетпес» пен «Қайсар» «Ақжайық» пен «Тұранның» орнын басатын болды.

Биылғы футбол маусымының статистикасына аз-кем тоқталып өтер болсақ, 26 турда 53 ұлай жинап, чемпион атанған «Астана» осымен жетінші мәрте қос құлақты кубокты олжалап, ел біріншілігінде ең көп жеңіске жеткен команда ретінде рекорд орнатты. Бұған дейінгі рекорд та «Астанаға» тиесілі еді. Қазақстан чемпионатында бес мәрте топ жарған «Ақтөбе» екінші орында келеді. Сондай-ақ елордалық команда 26 турдың 16 кездесуінде жеңіске жетіп, 5 матчта қарсыластарымен тең түссе, 5 ойында жеңілістің кермек дәмін татуға мәжбүр болды. «Астана» футболшылары қарсыластары қақпасына жалпы саны 65 гол соғып, өз қақпаларына 24 гол өткізіп алды.

Чемпионаттың ең тәртіпсіз командасы ретінде біріншілік дебютанты «Мақтаарал» көзге түсті. 26 ойында Түркістан облысы клубының жеті футболшысы төреші тарапынан «қызыл» қағазбен жазаланып, алаңнан қуылған. Кейінгі орындарға «Тұран» (6), «Шахтер», «Қайрат», «Тараз» (5) клубтары жайғасқан. Ал «Астана» мен «Қызылжар» футболшыларына тек бір-бір мәрте «қызыл» қағаз көрсетілген. Жалпы, осы маусымда 51 футболшының «қызыл» қағазбен жазаланғанын айта кетейік.

## OLIMPBET-ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ

Орын	Команда	О	В	Н	П	Голдар	Ұпайлар
1	Astana	26	16	5	5	65-24	53
2	Aqtóbe	26	16	4	6	43-28	52
3	Tobyl	26	14	5	7	46-33	47
4	Qairat	26	12	6	8	34-36	42
5	Ordabasy	26	11	5	10	36-39	38
6	Aqsý	26	11	3	12	32-37	36
7	Shahter	26	9	5	12	34-35	32
8	Maqtaaral	26	8	7	11	28-38	31
9	Kaspil	26	9	4	13	26-42	31
10	Qyzyljar	26	7	9	10	33-32	30
11	Atyraý	26	7	8	11	30-39	29
12	Taraz	26	6	10	10	27-29	28
13	Turan	26	6	10	10	25-35	28
14	Aqjalyq	26	6	7	13	19-31	25

## ҮЗДІК СҮРМЕРГЕНДЕР

18 гол	Педро ЭУЖЕНИО	шабуылшы
15 гол	Марин ТОМАСОВ	жартылай қорғаушы
13 гол	Андрия ФИЛИПОВИЧ	шабуылшы
11 гол	Жоао ПАУЛО	шабуылшы
9 гол	Тимур ДОСМАГАМБЕТОВ	қорғаушы
9 гол	Абат АЙМБЕТОВ	
9 гол	Игорь СЕРГЕЕВ	шабуылшы

# ОЛЬГА ШИШИГИНА

## ОСЫНШАМА СЕСКЕНБЕЙ, СЕС КӨРСЕТЕТІНДЕЙ КІМГЕ СЕНІП ЖҮР?

**ЖАҚЫНДА РЕДАКЦИЯҒА ХАТ КЕЛДІ. ОНДА ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНЕ ҚАРАСТЫ ОРТАЛЫҚ СПОРТ КЛУБЫ СПОРТ КОМИТЕТІНЕ БИЫЛҒЫ СӘУІР АЙЫНДА ҒАНА БАСШЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ОЛЬГА ШИШИГИНАНЫҢ ҰЖЫМДЫ ЭТНИКАЛЫҚ БӨЛІНУШІЛІК СИПАТЫНДА БАСҚАРЫП ЖАТҚАНЫ АЙТЫЛҒАН.**

Хат иесі – осы комитеттің бұрынғы қызметкері Фархат Тапалов. Ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Бас прокуратураның назар аударуын сұрап, хат жолдаған. Бұл хат кейіннен әлеуметтік желіде де кеңінен тарап кетті.

– Шишигина келгеннен кейін мен жұмысты тастадым, дәлірек айтсам, мені кетірді. Ол кезде азаматтық қызметші едім, шақыруға барлық құжаттар жиналды. Бірақ қабылданбады. Ол тағайындалғаннан кейін командада тек славян ұлтынан тұратын элита құрылды. Этностық өркөкіректік күшейе бастады, – дейді Фархат Тапалов.

Ол: «әскерилерді жарғының не екенін білмейтін азаматтық қызметкерлер басқара бастады. Ұлттық әскери қызметшілерге, сарбаздар мен сержанттарға, офицерлерге, полковниктерге және подполковниктерге деген көзқарас өте күрт өзгерді», – деп отыр. Өзінің этносаралық қақтығыстарға қарсы екенін, бірнеше спорт комитетінде болып жатқан оқиғалар этникалық тәртіпті бұзды деп санайды.

Сондай-ақ Ольга Шишигина өзінің жақтастарын қызметке тарта отырып, спорт комитетінің штаттық құрылымын әзірлеуге, кадр жұмысына, қаржылық, ақылы қызмет көрсетуге, сатып алуларға, материалдық-техникалық жабдықтауға, қызмет асынан тыс саяси мәселелерге араласатындығын жеткізген.

Осы орайда атын көрсетпеген өтінген аталған комитеттің қызметкері орталықта негізгі лауазымдарға қызметкерлердің ұлтына қарай тағайындалып жатқанын растап отыр.

– Мысалы, Ольга Шишигина тағайындалған сәттен бастап Татьяна Азарова бас жаттықтырушы лауазымына азаматтық қызметке қабылданды. Содан бастап Ольга Шишигинаның



кеңсесінен шықпайтын болды. Оның Қарулы күштерде тәжірибесі жоқ. Соған қарамастан, спорт комитетінің штаттық құрылымын әзірлейді. Оның қызметіне жатпайтын жұмысқа: кадрлық, қаржылық, ақылы қызметтер, сатып алу, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, командирдің саяси-ағарту және тәрбие жұмысына араласады. Барлық іссапарлар сонымен келісілетін болды, – дейді хат иесі.

Татьяна Азарова – жеңіл атлетикадан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Бір кездері Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакованы да баптаған. Шишигина екеуінің достығы, таныстығы осы жеңіл атлетика спортында басталса керек.

Хат иесі Азарова басының бейресми бірінші орынбасары болып алған деп отыр. Славян ұлтына жатпайтын әскери қызметшілерге дәрекі сөйлеп, төмендетеді. Бұл – шовинизмнің айқын белгілері. Штаб бастығының

бірінші орынбасары оның адъютанты сияқты еріп жүреді. Шишигина келгеннен кейін жұмысқа тек славян ұлтынан шыққан қызметкерлер мен әскери қызметшілер қабылданды. Іштегі негізгі лауазымдарға да ұлттық өзгешелігі бойынша тағайындалады деп санайды.

Ол әлеуметтік жағдайды жақсартуға қатысты басшылық тарапынан берілген уәделердің орындалмай отырғандығын, орталықта қызметкерлердің көбі қысқартуға ілігіп жатқандығын атап өтті.

– Қазір 50 қызметкерді қысқартқалы жатыр. Олардың барлығы ашық сұхбат беруден қорқады. Өйткені басшылыққа қарсы сөйлеу, тілге қатысты шеттетулер ашық жүре бастады. Шишигина ханымға баянатты қазақ тілінде апарып едім, орыс тілінде дайындауымды талап етті. Арамызда орысша білмейтін адамдар да бар, неге ескерілмейді? – дейді Фархат Тапалов.

Толық жұмыс күніне қабылданған көптеген қызметкерлер жұмыста отырмайтын көрінеді, себебі олардың басқа жерде негізгі қызметтері бар. «Бұл – Еңбек кодексіне қайшы әрекет. Мысалы, Т.Азарова ханым П.Степаненко, т.б. басқа жерде негізгі жұмыстары бар. Бірақ мұндағы жұмыс кестесі бойынша олар сегізге дейін жұмыста отыруы керек», – дейді ол.

Орталық спорт клубының жаңа штаттық құрылымын жоспарлау әртүрлі бағыттар бойынша төрағанын орынбасарларымен және бөлім бастықтарымен талқыландырып жатты.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері және қоян-қолтық ұрыстан әлем чемпионы Сора Рахмонов да қатардағы жауынгер ретінде осы комитетте жұмыс істеген. Алайда Ольга Шишигина келген соң оның келісімшарты тоқтаған. Дегенмен ол бұл тақырыпта пікір айтқысы келмейтінін, болған жайтты «Аллаға тапсыратынын» жеткізді.



– Мұндай атакты спортшылар аз емес. Бокстан еңбек сіңірген спорт шеберлері Біржан Жақыпов, Қайрат Ералиев, дзюдошы ағайынды Қырғызбаевтар, қоян-қолтық жекпе-жегінен әлем чемпионы Тұрсын Аян және т.б. басқа да болашағынан үміт күттіретін жас спортшыларға қысқарту қаупі төніп тұр. Бірақ мансап жолын аяқтаған спортшылар Денис Власов, Мария Власова, Артем Девяттериков және т.б. жоғары нәтижелерге қол жеткізбесе де, бірнеше ай бойы оқу-жаттығу жиындарына қатысып жүреді. Сондай-ақ олардың лауазымын көтеру жоспарлануда, – дейді хат иесі.

Орталық спорт клубының спорт комитетінің баспасөз қызметі аталған айыптаулардың шындыққа жанаспайтындығын хабарлады. Қазір әскери полиция арқылы іс тексеріліп жатыр.

– Айтылған сөздер рас емес. Ешбірі. Мұның барлығы Қорғаныс министрлігі баспасөз қызметі тарапынан іске алынған. Әскери полиция арқылы зерттеу жүріп жатыр. Сізге айтатыным, айыптаулар орынсыз, – деп жауап берді баспасөз қызметінің өкілі Батыр Тұяқов.

# ТУРИЗМ – ТАБЫСТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

## ДЕСЕК ТЕ ОСЫ САЛАНЫ ӨЗ МӘНІНДЕ ДАМЫТА АЛМАЙ ОТЫРҒАНЫМЫЗ РАС!..



**ЖАҚЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БОЛЫП, ЖҰРТШЫЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ. АЙМАҚТЫҢ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ДАМУ, ӨРКЕНДЕУ МҮМКІНДІКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫ. ОЙ БӨЛІСІП, КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРДІ. ТУРИЗМНІҢ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ ДА ОЙ ҚОЗҒАДЫ: «ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУҒА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРУ КЕРЕК. АЛАКӨЛ МЕН БАЛҚАШТЫҢ ОРАСАН ЗОР ӘЛЕУЕТІ БАР. «АЛТЫНЕМЕЛ» ЖӘНЕ «ЖОҒҒАР АЛАТАУЫ» ҰЛТТЫҚ ПАРКІ – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА ҮШІН ТАПТЫРМАЙТЫН ЖЕР. ТЕКЕЛІДЕГІ ӘЙГІЛІ ШАЖА ЖӘНЕ ҚОРА САЙЛАРЫ КЕРЕМЕТ КӨРІНІСТЕРГЕ ТОЛЫ. МІНЕ, ОСЫНЫҢ БӨРІ – ТҰНЫП ТҰРҒАН БАЙЛЫҚ. ӘРИНЕ, ТУРИСТЕР КӨПТЕП КЕЛУІ ҮШІН ТИІСТІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ САЛЫП, ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ КЕРЕК. БҰЛ ОҢАЙ ШАРУА ЕМЕС. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ БҰЛ БАҒЫТТА БІРШАМА ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ. БІРАҚ МҰНЫМЕН ШЕКТЕЛУГЕ БОЛМАЙДЫ. ЖЕТІСУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ПАРКТЕРДЕ ҚҰНЫ 3 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛМАҚ. ОҒАН ІРІ ИНВЕСТИТОРЛАР ТАРТЫЛДЫ, – ДЕДІ ПРЕЗИДЕНТ.**

Туризм елімізде кеш өркендеген сала екені рас. Сөйте тұра бүгінгі таңда оның аяқ алысы да тым баяу екенін несіне жасырамыз?.. Өркеніетті елдерде туризм саласы өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында жаппай қолға алынған екен. Аз уақыттың ішінде туризм саласы сол елдің экономикасын дамытуға айтарлықтай үлесін қоса бастады. Тоқсаныншы жылдарға жеткенде туризмнен түсетін кірістің халықаралық экспорт кірісіндегі үлесі сегіз пайыздан асып түскен. Туризмнен түскен табыс мұнай өнімдері мен автомобиль экспорты табысынан кейінгі маңызды кіріс көзіне айналады. Елдің тұрмысы жақсарып, мәдениет өресі өскен сайын туризм де ішкі жақтан түрленіп, мазмұны кеңейді. Бұрында сыртқы және ішкі туризм деп бөлінсе, енді демалыс туризмі, ойын-сауық туризмі, жиналыс туризмі, жастар туризмі, сауықтыру, спорттық деп кете береді. Бүгінде олардың саны жиырмадан асты десек те болады.

Мысалы, туризм Мальдив елінде бюджеттің 66,1 пайызын, Сейшель аралдарында 65,8 пайызын, Испанияда 62, Таиландта 22,1 пайызын құраған. Туристер үшін тартымды елдердің көшін Франция бастап тұр. Бұл елге 2019 жылы 86,7 миллион адам сапар шеккен екен. Венецияға жылына демалуға келетін туристердің саны 25 миллионнан асқан. Бұл көрсеткіш Аустралия халқының санынан да көп көрінеді. Бауырлас Түркия елінің туризм саласындағы

жетістіктері тіпті ерен десек те болады. Келер жылы Түркия мемлекетінің тәуелсіздігіне 100 жыл толмақшы. Түркиялықтар осы мерейтойдың құрметіне 2023 жылы 100 миллион туристі қарсы алуға сақадай сай. Әрине, түркиялықтар да мұндай байлыққа бірден келе қоймағаны анық. Олар да туризм саласын дамыту үшін небір қиындықтарды көрді, «тар жол, тайғақ кешуден» өткені белгілі. Нақтылай түссек, Түркия Республикасының бірінші президенті Мұстафа Кемал Ататүрік кезінде теңіз жағасындағы патшалар мен патшайымдардың меншігінде болып келген жағалаудағы көрікті, тамаша жерлердің барлығын да мемлекет меншігіне қайтарды. Сонан соң ол жерлерді қолынан іс келетін адал, кәсіпкерлерге табыстады. Кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсетті. Мемлекет басшысы туристік қызметтің де әр адамға қолжетімді болуына ерекше назар аударды. Инфрақұрылымдарды күшейтті. Нәтижесі қандай болғанын бүгінде бәріміз көріп, таңдай қағып отырғанымыз да рас.

Қазақстан 1993 жылы ғана Дүниежүзілік туристік ұйымның мүшелігіне енеді. Дәл осы жылы туризмді дамытудың бағдарламасы да дайындалады. Өткен отыз жыл ішінде біраз жұмыстар атқарылды да. Өкінішке қарай, нәтиженің көрсеткішіне көңіл толмайды. Көрсек көз тоймайтын көрікті жерлеріміз бола тұрып, еліміздегі туризм көрсеткіші бір пайызға әрең жететінін естудің өзі ұят.

“ Осы жақтың азаматы болған соң, жолдың машақатын әбден білеміз. Жеңіл машиналар қойып, жақында үш сағатта жететін Қабанбай ауылына ГАЗельмен 6 сағатта әзер жеттік-ау. Президенттің өзі айтқандай, Талдықорған мен Үшарал арасындағы күре жолдың құрылысы келер жылы толық аяқталып жатса, дұрыс-ақ. Әй, қайдам?! Себебі жол салу жұмысында бұрынғыдай қарқын жоқ.

Көпшілік ұмытпаған болар, Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау-2019» халықаралық туристік форумының жұмысына да қатысып, сөз сөйлегенді:

«Мысалы, Моңғолия Шыңғыс хан тұлғасын халықаралық туризмді дамыту үшін өте тиімді пайдаланып отыр. Ал ұлы ханның үлкен ұлы Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Ата-бабалардың аманатына адал болу – бізге сын. Сондықтан біз Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алуымыз қажет. Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуға тиіс. Бұл жұмыстар Отырар, Сауран мен Сығанақ, Шерқала мен Оғыланды, Берел мен Марқакөл, Баянауыл мен Қарқаралы, Шарын мен Көлсай барша жұрттың құндылығына айналуы қажет. Қорқыт ата, Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Бекет ата, Бәйдібек би, Бегім ана, Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Мәшһүр Жүсіп, хакім Абай сынды тұлғаларымыздың есімдерін туризм арқылы кеңінен насихаттау – бүгінгі заман талабы. Біз, қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз керек. Ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық үлгілері арқылы дәріптеуіміз қажет.

Біз салалық мемлекеттік бағдарлама қабылдадық. Ол толыққанды жүзеге асатын болса, туризмнің жалпы ішкі өнімдік үлесі 8 пайызға жетеді. Сырттан келетін туристер саны 9 миллион, ал ішкі туристер саны 8 миллион адам болады. Туризм саласында жұмыспен қамтылғандар санын 650 мың адамға жеткізуіміз керек. Туризм – өте күрделі сала. Оған

тиісті мамандар қажет. Сол себепті біз туризм мамандарын дайындайтын университет ашу қажет деген шешім қабылдадық. Ол үшін Ұлытау аймағы міндетті түрде Қазақстанның туристер тарту картасының алдыңғы қатарында болуға тиіс», – деді Президент.

Мемлекет басшысы осыдан үш жыл бұрын-ақ туризмді дамытудың сара жолын тайға таңба басқандай етіп айтып берді емес пе?! Неге алға жылжымай отырмыз? Әлеуметтік желіде жазылғандай жылына 200-300 мың қазақстандық Қара теңіз жағалауына, 50 мыңға жуық жерлесіміз Қытайға саяхаттап, 40 мыңнан астам қыз-жігіттеріміз Біріккен Араб Әмірлігіне барып демалғанды жақсы көреді екен. Ең аяғы 10 мыңға жуық турисіміз Ыстықкөлге барып тыныққан. Олардың айтар себебі де жеткілікті. Ең негізгісі, біздің туристік аймақтарда демалу бағасы өте қымбат көрінеді. Мысалы, Бұрабайда бір апта демалғаннан Дубайға барғаның тиімді дейді. Қалтанда 150 мың теңге болса, Дубайда 3 күн жақсылап тынығып қайтуға болады. Ал Бұрабайда бұл ақшана 3 күнге қонақүйдің бөлмесін де жалдай алмайды екенсің...

Ойды ой қозғайды. Қазақстан әлемнің 80 елімен байланыс орнатқан. Елімізде 1252 туристік фирма мен мыңға жуық туристік компания жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп отырса, солардың 20 пайызы ғана ішкі туризммен шұғылданатын көрінеді. Яғни ел ішіндегі туристік фирмаларға сырттан қонақтар шақырғаннан гөрі қазақстандықтарды сыртқа шығару әлдеқайда пайдалы екені түсінікті.

Алакөл жағалауы өткен жылға қарағанда биылғы маусымды біршама табысты аяқтады дегенге біраз негіз бар. Себебі үстіміздегі жылдың тамыз айында Үшарал қаласындағы әуе жайдың ұшу-қону жолағы қайта жаңартылды. Астана, Алматы, Талдықорған бағыттарындағы әуе қатынасы жанданды. Пойызбен де қатынауға мүмкіндік алды. Демалушыларға арналған 288 нысан да толығымен қызмет көрсетуге тырысты. Жазғы маусымның қорытындысы бойынша Алакөл жағалауында демалған адамдардың саны 1,5 миллионға жеткен. Өткен жылы 1,3 миллион адам тыныққан көрінеді.

Маусым айында «Астана ақшамының» тілшісі Райхан Рахметова Алакөл жағалауында демалып, көзкөрген көкейкесті мәселелерді ашық көрсетіп жазды. Ойымыз бір жерден шыққан соң, соның сөзін келтіре кеткенді жөн деп санадық: «Жетісудың Балқаштан кейінгі үлкен көлі Алакөл Алматы мен Шығыс Қазақстан облыстары аумағында теңдей бөлініп жатыр. Барлық тауынан бастау алатын, минералға бай бұлақтарды қосқанда түйік көлге 15 өзен келіп құяды. Осындай тамаша табиғи жерлеріміздің толық игілігін көруге кедергі болатын мәселелер бізде жетіп артылады. Біріншісі, жол нашарлығы болса, екіншісі – сервис төмендігі, үшіншісі – сапасына қарай демалыс бағасының тым қамбаттығы. Инфрақұрылым сапасының төмендігі, қатынайтын пойыздар мен ұшақтардың аздығы, қысқасы, жету қиындықтары – осы туристік бағытқа тән кемшіліктер», – дейді Райхан Рахметова.

Осы жақтың азаматы болған соң, жолдың машақатын әбден білеміз. Жеңіл машиналар қойып, жақында үш сағатта жететін Қабанбай ауылына ГАЗельмен 6 сағатта әзер жеттік-ау. Президенттің өзі айтқандай, Талдықорған мен Үшарал арасындағы күре жолдың құрылысы келер жылы толық аяқталып жатса, дұрыс-ақ. Әй, қайдам?! Себебі жол салу жұмысында бұрынғыдай қарқын жоқ.



“ Моңғолия Шыңғыс хан тұлғасын халықаралық туризмді дамыту үшін өте тиімді пайдаланып отыр. Ал ұлы ханның үлкен ұлы Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Ата-бабалардың аманатына адал болу – бізге сын. Сондықтан біз Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алуымыз қажет. Ұлытау халықаралық деңгейдегі этнографиялық туризмнің орталығына айналуға тиіс. Бұл жұмыстар Отырар, Сауран мен Сығанақ, Шерқала мен Оғыланды, Берел мен Марқакөл, Баянауыл мен Қарқаралы, Шарын мен Көлсай барша жұрттың құндылығына айналуы қажет. Қорқыт ата, Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи, Бекет ата, Бәйдібек би, Бегім ана, Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Мәшһүр Жүсіп, хакім Абай сынды тұлғаларымыздың есімдерін туризм арқылы кеңінен насихаттау – бүгінгі заман талабы.



# ТОПТЫҚ САЙЫСТАН СУЫРЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР

**ӨТКЕН АПТАДА ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫНЫҢ ТОПТЫҚ САЙЫСЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. СЕГІЗ ТОПТАН ҮЗДІК ШЫҚҚАН 16 КОМАНДА КЕЛЕСІ ЖЫЛДЫҢ АҚПАН АЙЫНДА АЛАМАНДЫ АРЫ ҚАРАЙ ЖАЛҒАСТЫРАДЫ. СОНДАЙ-АҚ ДҮЙСЕНБІ КҮНІ УЕФА-НЫҢ ШТАБ ПӘТЕРІНДЕ 1/8 ФИНАЛЫНЫҢ ЖЕРЕБЕСІ ТАРТЫЛДЫ.**

## А ТОБЫ

«Ливерпуль» (Англия) – «Наполи» (Италия) – 2:0  
«Рейнджерс» (Шотландия) – «Аякс» (Нидерланд) – 1:3

Ағылшынның «Ливерпуль» клубы соңғы турда «Наполиді» 2:0 есебімен қапы қалдырды. Дегенмен, Юрген Клопп шәкірттері өз тобында екінші орыннан аса алмады. Қатарынан бес ойында жеңіске жетіп, соңғы турда тізгін тартқан италиялық команда топ жеңімпазы атанды.

«Наполи» Чемпиондар лигасының плей-офф бәсекесіне бұған дейін 2011/12, 2016/17 және 2019/20 жылғы маусымдарда шыққан. Алайда ширек финалға өте алмады. Биыл Лучано Спаллетти командасының қарқыны қатты. Италия чемпионатында қамшы салдырмай келеді. Бірақ 1/8 финалдық матчтар келесі жылдың ақпан айында өтетінін ескерсек, «Наполи» футболшыларының ол кездегі қарқыны қалай болар екен?

«Наполи» мен «Ливерпульді» 1/8 финалына «шығарып салған» Амстердамның «Аякс» Шотландияның «Рейнджерсінен» басым түсіп, Еуропа лигасына жол тартты.

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Наполи	6	5	0	1	20-6	15
2	Ливерпуль	6	5	0	1	17-6	15
3	Аякс	6	2	0	4	11-16	6
4	Рейнджерс	6	0	0	6	2-22	0

## В ТОБЫ

«Байер» (Германия) – «Брюгге» (Бельгия) – 0:0  
«Порту» (Португалия) – «Атлетико» (Испания) – 2:1

4-турдан кейін плей-офф бәсекесінің жолдамасына қол жеткізген Бельгияның «Брюгге» командасы соңғы 2 турда арқаны кеңге жайды. Алдымен олар өз алаңында «Портудан» оңбай жеңілді (0:4). Соңғы турда «Байерге» қонаққа барып, 0:0 есебімен тең ойнады.

Мадридтің «Атлетико» командасы 5-турдан кейін плей-офф бәсекесіне шығудан біржолата үміт үзіп еді. Олар сол кезде «Байермен» өз алаңында тең ойнаған-ды. Енді 6-турда «Портудан» жеңіліп, еуромаусыммен түпкілікті қош айтысты. «Атлетиконын» алдын «Байер» орап кетті. Енді келесі жылдың ақпан айында Чемпиондар лигасының 1/8 финалында «Порту» мен «Брюгге» ойнайды. «Байер» Еуропа лигасында бақтарын сынамақ. Ал Диего Симеоне шәкірттері бар күштерін Ла-лигаға салады.

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Порту	6	4	0	2	12-7	12
2	Брюгге	6	3	2	1	7-4	11
3	Байер	6	1	2	3	4-8	5
4	Атлетико	6	1	2	3	5-9	5

## С ТОБЫ

«Бавария» (Германия) – «Интер» (Италия) – 2:0  
«Виктория» (Чехия) – «Барселона» (Испания) – 2:4

«Бавария» бесінші жыл қатарынан топтық бәсекеден бірінші орынмен шығып отыр. 5-турда мюнхендік клубы «Барселонаны» сырт алаңда 2:0 есебімен жеңсе, дәл осындай есеппен соңғы турда «Интерден» айласын асырды. «Баварияның» соңынан «Интер» ілесті. Италия клубы плей-офф ойындарының мәселесін 5-турда шешіп тастаған еді. Ол кезде олар «Викторияны» жүндей түтті – 4:0.

«Барселона» үшін Чемпиондар лигасы тәмам. Каталониялықтар осымен екінші жыл қатарынан топтан шыға алмады. Енді келесі жылдың көктемінде Еуропа лигасында бақтарын сынайды. Ол жақта да осал команда жоқ. «Манчестер Юнайтед», «Арсенал», ПСВ командаларының қатарына



«Барселонадан» бөлек, «Аякс», «Севилья» «Ювентус» барып қосылады.

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Бавария	6	6	0	0	18-2	18
2	Интер	6	3	1	2	10-7	10
3	Барселона	6	2	1	3	12-12	7
4	Виктория	6	0	0	6	5-24	0

## D ТОБЫ

«Марсель» (Франция) – «Тоттенхэм» (Англия) – 1:2  
«Спортинг» (Португалия) – «Айнтрахт» (Германия) – 1:2

D тобында плей-офф бәсекесіне шыққан командалар тек соңғы турда анықталды. 5-турдың қорытындысы бойынша Португалияның «Спортинг» командасы Чемпиондар лигасының плей-офф бәсекесіне шығып тұрған еді. Бірақ соңғы тур барлығын өзгертті. Тіпті португалиялықтар Еуропа лигасында да ойнамай қалуы мүмкін еді. Бірақ «Марсель» мен «Тоттенхэм» арасындағы матчта ағылшындар ойынның соңғы секундында гол соғып, «Спортинг» командасының жолын ашып берді. Ал Еуропа лигасының былтырғы жеңімпазы «Айнтрахт» плей-офф бәсекесінің көрігін қыздырады.

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Тоттенхэм	6	3	2	1	8-6	11
2	Айнтрахт	6	3	1	2	5-7	10
3	Спортинг	6	2	1	4	7-7	7
4	Марсель	6	2	0	4	7-6	6

## E ТОБЫ

«Челси» (Англия) – «Динамо» (Хорватия) – 2:1  
«Милан» (Италия) – «Зальцбург» (Аустрия) – 4:0

Италияның «Милан» клубы араға тоғыз жыл салып, Чемпиондар лигасының плей-офф сайысына жолдама алды. Біраз жыл тоқырауды бастан өткерген италиялықтар кейінгі жылдары қайта бой тіктеді. Былтыр А сериясында жеңімпаз атанды. Енді келесі жылы Чемпиондар лигасындағы жорығын қайта жалғастырады. Бұл топта «Челси» жеңімпаз атанды.

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Челси	6	4	1	1	10-4	13
2	Милан	6	3	1	2	12-7	10
3	Зальцбург	6	1	3	2	5-9	6
4	Динамо-3	6	1	1	4	4-11	4

## F ТОБЫ

«Шахтер» (Украина) – «Лейпциг» (Германия) – 0:4  
«Реал» (Испания) – «Селтик» (Шотландия) – 5:1

Чемпиондар лигасының қазіргі жеңімпазы «Реал» плей-офф мәселесін 4-турдан кейін шешіп қойған. Ал екінші жолдаманың иесі соңғы турда анықталды. Үміткерлер екеу болды. Украинаның «Шахтері» 5-турда «Селтикпен» тең түсіп, келесі айналымға шығатын мүмкіндіктерін сақтап қалып еді. Алайда соңғы турда басты қарсыласы «Лейпцигтен» ойсырай жеңіліп, плей-офф жолдамасынан айырылып қалды. Неміс клубы 6 ойыннан 12 ұпай жинап, «Реалдың» соңынан ілесті. Чемпиондар лигасының қазіргі жеңімпаздары топтық сайыстың нүктесін әдемі қойды. Олар Шотландияның «Селтигін» 5:1 есебімен ұтты.

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Реал	6	4	1	1	15-6	13
2	Лейпциг	6	4	0	2	13-9	12
3	Шахтер	6	1	3	2	8-10	6
4	Селтик	6	0	2	4	4-15	2

## G ТОБЫ

«Манчестер Сити» (Англия) – «Севилья» (Испания) – 3:1  
«Копенгаген» (Дания) – «Боруссия-Д» (Германия) – 1:1

Бұл топтың мәселесі 5-турдан кейін шешілген. Сондықтан да болар, соңғы турда «Манчестер Сити» мен «Боруссия» арқаны кеңге салып, негізгі құрамның кейбір ойыншыларына демалыс берді.

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	Ман. Сити	6	4	2	0	14-2	14
2	Боруссия-Д	6	2	3	1	10-5	9
3	Севилья	6	1	2	3	6-12	5
4	Копенгаген	6	0	3	3	1-12	3

## H ТОБЫ

«Ювентус» (Италия) – ПСЖ (Франция) – 1:2  
«Маккаби» (Израиль) – «Бенфика» (Португалия) – 1:6

Италияның «Ювентус» клубы Чемпиондар лигасымен 5-турда қош айтысты. Португалияның «Бенфикасымен» сырт алаңда күш сынасқан италиялық ұжым алаң иелерінен 3:4 есебімен жеңіліс тапты. Ал соңғы турда өз алаңында ПСЖ-дан ұтылды. Абырой болғанда басты қарсыласы «Маккаби» де өз алаңында ұтылып, италиялық клуб қосымша көрсеткіштердің есебінен Еуропа лигасына қарай ойысты.

«Маккабимен» сырт алаңда ойнап, 6:1 есебімен ойсырата жеңген «Бенфика» футболшылары «Ювентустың» Еуропа лигасына баруына көмегін тигізіп қана қойған жоқ, өздері де ПСЖ командасын артта қалдырып, H тобының жеңімпазы атанды. Егер «Бенфика» 92-минутта «Маккаби» қақпасына алтыншы голды соқпағанда ПСЖ топ жеңімпазы атанатын еді. Португалия клубы сырт алаңда соққан голдар санының көптігінен француздардың алдын орады. Енді Лионель Месси, Клиан Мбаппе, Неймар бастаған жұлдыздар 1/8 финалда азулы «Бавария» командасымен ойнайды.

№	Команда	Ойын	Жеңіс	Тең	Жеңіліс	Д-А	Ұпай
1	ПСЖ	6	4	2	0	16-7	14
2	Бенфика	6	4	2	0	16-7	14
3	Ювентус	6	1	0	5	9-13	3
4	Маккаби	6	1	0	5	7-21	3

**Дүйсенбі күні Чемпиондар лигасының 1/8 финалына шыққан командалардың жеребе тарту рәсімі өтті.**

Жеребе нәтижесінде келесі жұптар анықталды:  
«Бавария» (Германия) – ПСЖ (Франция)  
«Бенфика» (Португалия) – «Брюгге» (Бельгия)  
«Порту» (Португалия) – «Интер» (Италия)  
«Манчестер Сити» (Англия) – «Лейпциг» (Германия)  
«Тоттенхэм» (Англия) – «Милан» (Италия)  
«Челси» (Англия) – «Боруссия-Д» (Германия)  
«Наполи» (Италия) – «Айнтрахт» (Германия)  
«Реал» (Испания) – «Ливерпуль» (Англия).

Чемпиондар лигасының 2022/2023 маусымының финалдық ойыны 10 маусымда Ыстанбұлдағы Ататүрік Олимпиада стадионында өтеді.



# ДИАСУ ОМАРОВУ

## ВЖИВАТЬСЯ В РОЛЬ ФУТБОЛИСТА НЕ НУЖНО БЫЛО – АСАНАЛИ АШИМОВ

НЕДАВНО ЗАВЕРШИЛСЯ ТУРНИР ПАМЯТИ ЛЕГЕНДАРНОГО КАЙРАТОВЦА 60-Х ГОДОВ ПРОШЛОГО СТОЛЕТИЯ И СПОРТИВНОГО КОММЕНТАТОРА ДИАСА ОМАРОВА СРЕДИ ВЕТЕРАНОВ. ПОСВЯЩЕН ОН БЫЛ ЕГО ДНЮ РОЖДЕНИЯ. МЭТРУ ПЕРА И МИКРОФОНА ИСПОЛНИЛОСЬ БЫ 82. НО 5 ИЮЛЯ 2020 ГОДА ЕГО НЕ СТАЛО. МЫ ВСПОМНИЛИ И ВОССТАВОВИЛИ ДИАЛОГ ДВУХЛЕТНЕЙ ДАВНОСТИ ОБ ЭТОЙ ЛИЧНОСТИ С НАРОДНЫМ АРТИСТОМ СССР, ГЕРОЕМ ТРУДА КАЗАХСТАНА АСАНАЛИ АШИМОВЫМ.



Асанали Ашимов рассказывает, что впервые увидел Диаса Омарова в составе «Кайрата» в далекие шестидесятые годы прошлого столетия.

– Говорят, что шум трибун на стадионах заглушает один голос. И этим голосом является голос спортивного комментатора, который вводит нас в экскурс дела. Мы смотрим действие, происходящее на поле, осмысливаем его с помощью нашего «экскурсовода». Он рассказывает не только настоящее, но и напоминает историю команды, отдельно расскажет о том или ином исполнителе. И мы невольно после всех таких общений проникаемся уважением к хорошим комментаторам. Не так ли?

– Это точно! Я болельщик с большим стажем (более 60 лет). У каждого страстного поклонника футбола свои любимые актеры. Я бы комментаторов назвал именно так. Ведь они, как и артисты, заставляют взоры людей обращать на действие, которое происходит на сцене, на футбольном поле, на баскетбольной или волейбольной площадке... За свою жизнь я видел и слушал многих спортивных комментаторов. Конечно, номер один был Николай Озеров, заслуженный артист РСФСР. С присущей ему энергией и хорошим знанием спорта он заслужил большое уважение у советских болельщиков. Назвал бы еще Вадима Синявского. Были и другие личности, которые вели репортажи с крупных международных стартов. Но запомнились не все. А вот появление на комментаторской арене СССР Диаса Омарова из Казахстана стало прорывом для нашего спорта. Как раз на восьмидесятые годы XX века

приходится пик спортивной славы Казахстана. Вместе с атлетами рос профессионально и Омаров. Он первым заставил нас, болельщиков СССР, домысливать свое видение на поле, предположить: а чтобы ты сделал сам в такой ситуации? Это говорит о высокой эрудиции комментатора, знающего спорт изнутри. Это артист, который держит зрителя в напряжении до самой концовки спектакля.

– Хотите сказать, что он был хорошим знатоком своего дела?

– Артисты говорят: «Вжиться в образ». А Диасу Омарову, к примеру, вжиться в роль футболиста не нужно было. Он был футболистом и знал все тонкости игры. Он всей душой любил игру номер один. Знаю, что сам проторил дорогу в главную команду республики. Впервые я увидел Диаса в составе «Кайрата» в далекие шестидесятые годы прошлого столетия. Тогда, помню, кто-то из знакомых сказал: «Наверное, играет по благу». Это был явный намек на то, что его отец Ильяс Омаров занимал в ту пору высокие посты в республике. Но в футбол играть по благу нельзя. Надо всякий раз доказывать свою состоятельность. И Диас доказывал болельщикам, что он ничуть не хуже других исполнителей алма-атинской команды. Он отличался, несмотря на свою маленькую комплекцию, высокой заряженностью на борьбу, хорошим техническим арсеналом. Народ восторгался его умелыми действиями. Он оставлял не удел крупных по габаритам защитников и выдавал пас партнерам. Иногда сам становился героем, забив гол.

Вообще, те первые годы становления «Кайрата» в высшей лиге СССР до сих пор не стерлись из памяти. Мы с друзьями не пропускали ни одного домашнего матча. Когда играл «Кайрат», был праздник для горожан. Обстановка, которая царил в день игры, напоминала нам большой кипящий казан. Некоторые из-за отсутствия билетов не могли попасть на игры. Казалось, сюда съехались люди со всей республики. И даже поражение любимой команды несколько не огорчало нас. Потому что мы получали огромное эстетическое наслаждение от действий таких исполнителей, как Сергей Квочкин, Тимур Сегизбаев, Вадим Степанов, Анатолий Федотов, Станислав Каминский... И в этом списке непременно я бы назвал Диаса Омарова.

– А вы лично знали Диаса Омарова?

– Мы с ним сталкивались по работе. Ведь он, когда трудился на радио и телеканалах, выполнял и черновую работу. Приходил на записи.

– Тогда, помню, кто-то из знакомых сказал: «Наверное, играет по благу». Это был явный намек на то, что его отец Ильяс Омаров занимал в ту пору высокие посты в республике. Но в футбол играть по благу нельзя», – уверен народный артист.



– Диас Омаров всегда был сдержан и корректен в обращении с людьми. Не любил рассказывать о себе. Казалось, что у этого человека нет своих эмоций, – говорит Асанали Ашимов.

Встречи наши всегда носили дружеский характер. Меня поражала его интеллигентность, умение стать хорошим собеседником для любого человека. Даже за микрофоном, когда вел репортажи, он притягивал к себе миллионы людей. Было ощущение, что он беседует, спорит с тобой персонально. И что примечательно, в его словах отсутствовали нравоучения. Боже упаси! Даже шум на стадионах терял свою магию, когда Диас Ильясович комментировал матчи. Мы ждали его репортажей с Олимпийских игр, футбольных и хоккейных матчей. И, услышав его приятный голос, болели за своих кумиров. По всему чувствовалось, что комментатор учитывает эмоциональный настрой зрителя.

Тем самым он приносит авторитет своему телеканалу и радио.

Еще бы я мог сказать про Омарова такую вещь: он никогда не проявлял своих эмоций на людях. Всегда был сдержан и корректен в обращении с людьми. Не любил рассказывать о себе. Казалось, что у этого человека нет своих эмоций. Радость и восторг он выражал лишь в тех случаях, когда наши спортсмены показывали высокие результаты. Или когда его партнерам по ветеранскому футболу удавались красивые комбинации. Кстати, мне рассказывали, что он сам до последнего играл. И даже сойдя с комментаторской марафонской дистанции, Диас Ильясович Омаров оставался любимым артистом для многих поколений не только казахстанцев, но и всего СССР. Его мягкий мелодичный голос до сих пор в сердцах тех, кто его слушал. Такой человек заслуживает того, чтобы его имя носили улицы городов и аулов Казахстана, спортивные школы, клубы...

Материал подготовил Тасжурек АНДАСОВ

## «ПОБИЛ РЕКОРД И РУХНУЛ В ПРОПАСТЬ» КАК АЛКОГОЛЬ ПОГУБИЛ ЛЕГКОАТЛЕТА ЯЩЕНКО

ПОЖАЛУЙ, В СОВЕТСКОЙ ЛЕГКОЙ АТЛЕТИКЕ В ПЕРИОД АКТИВНОЙ ПОДГОТОВКИ К ДОМАШНЕЙ ОЛИМПИАДЕ 1980 ГОДА 20-ЛЕТНИЙ ПРЫГУН В ВЫСОТУ ВЛАДИМИР ЯЩЕНКО БЫЛ САМИМ ВИДНЫМ СПОРТСМЕНОМ. ПО ТАЛАНТЛИВОМУ ПАРНИШКЕ ИЗ ЗАПОРОЖЬЯ С ЯРКОЙ ВНЕШНОСТЬЮ БУКВАЛЬНО С УМА СХОДИЛИ ВСЕ ДЕВЧОНКИ. ЕГО ПРЕКРАСНО ЗНАЛИ В ЛИЦО И НЕ ДАВАЛИ ПРОХОДА НА ТУРНИРАХ, ГДЕ БЫ ИХ НИ ПРОВОДИЛИ.

Тогда, в 1978-1979 годах, никто еще не мог представить, что это пик карьеры Ященко. По всем прогнозам советский прыгун должен был стать Олимпийским чемпионом-80 и, возможно, с мировым рекордом. Спортсмен входил в последнюю плеяду прыгунов, перелетавших через планку перекидным способом, а не фосбери-флоп, как это делают современные.

Карьера Ященко развивалась настолько стремительно, что даже для тренеров это было огромным сюрпризом. Он попал в этот вид спорта достаточно поздно – в 12 лет. Через пару лет оказался у Василия Телегина и стал прогрессировать на глазах. Ему чуть изменили технику прыжка, и всего за год Володя стал брать



высоту 2,03 м вместо 1,70. Обычно так не бывает.

Ященко показал себя трудоспособным и работящим. Уже в 17 лет он побил юниорский рекорд легендарного советского атлета Валерия Брумеля, прыгнув на 2,22 метра. Феномен спортсмена даже решили изучить ученые.

«Феноменальные Володины способности однажды заинтересовали даже специалистов космической медицины: они попросили его приехать в Москву для тестирования. И, согласно их выводам, Ященко был «запрограммирован» матушкой-природой

на прыжок высотой в 2 метра 50 сантиметров! Да, собственно, он и не прыгал в общепринятом понимании этого слова – он летал над планкой», – рассказывал его тренер Телегин.

Настоящей звездой легкой атлетики на взрослом уровне он стал после матчевого юниорского турнира между США и СССР в Турмонде 1977 года. В 18 лет он побил один за другим три мировых рекорда! Сначала для юниоров (2,27 м), буквально в следующие же попытки – рекорд Европы для взрослых (2,31), а под конец и мировой рекорд (2,33). Это был настоящий триумф для Владимира



Ященко и советской команды. Он хотел прыгнуть еще выше в следующей попытке, но не вышло.

Далее карьера Ященко пошла исключительно под откос. Сначала его ждали две неудачные операции в столичном ЦИТО. Однако верные друзья помогли с хорошей клиникой в Австрии, где местные врачи сотворили настоящее чудо, по сути заново собрав колено. И в 1983 году Владимир снова вышел на прыжковый сектор, чтобы начать все заново. Впрочем,хватило его ненадолго – вскоре он получил еще одну тяжелую травму крестцовых позвонков,

после чего окончательно завязал со спортом. «Побил рекорд – и рухнул в пропасть», – говорили про него знакомые.

Наверное, он мог стать тренером, наставником для другого юного прыгуна в высоту или же просто завести семью и детей. Но некогда звездный спортсмен выбрал для себя другой путь, заливая депрессию от несчастной жизни алкоголем. Причем в последние годы жизни он предпочитал это делать в одиночестве. Так и умер – в 40 лет в одной из больниц Запорожья после «посталкогольной комы».

## «ЗОЛОТО» ДЛЯ АРАВИИ

**УРОЖЕНЕЦ АКТАУ СТАЛ ТРЕНЕРОМ ПО КАРАТЕ СБОРНОЙ САУДОВСКОЙ АРАВИИ, И ЕГО ПОДОПЕЧНЫЕ СУМЕЛИ ЗАВОЕВАТЬ ДВА «СЕРЕБРА» И «ЗОЛОТО» ЧЕМПИОНАТА МИРА ПО КАРАТЕ. ЧЕМПИОНАТ МИРА ПО КАРАТЕ СРЕДИ СПОРТСМЕНОВ ДО 21 ГОДА, КАДЕТОВ И ЮНИОРОВ, ПРОХОДИЛ В ТУРЦИИ В ГОРОДЕ КОНЬЯ С 26 ПО 30 ОКТЯБРЯ.**

Каратисты из сборной Саудовской Аравии завоевали «золото» и два «серебра» турнира. Тренировал юных спортсменов Ержан Кожаяев, житель Актау.

После победы спортсмены

подбросили своего тренера на руках в знак признания и восхищения.

Ержан Кожаяев раньше был тренером юношеской сборной Казахстана по карате и три месяца назад начал тренировать

каратистов из Саудовской Аравии.

Сборная другой страны работала с актауским тренером еще в 2019 году.

– Сейчас я работаю и живу в Саудовской Аравии. У меня контракт с ними. Семья в Актау. С ребятами общаюсь на английском и чуть-чуть на арабском. В основном использую терминологию из карате, то есть по-японски. Спортсмены – ребята хорошие, относятся с уважением, можно сказать, любят меня, – рассказал Ержан Кожаяев.



## ЗАЙНУТДИНОВ ПОПАЛ В СИМВОЛИЧЕСКУЮ СБОРНУЮ ПЕРВОГО КРУГА РПЛ

**ПОЛУЗАЩИТНИК МОСКОВСКОГО ЦСКА И СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА ПО ФУТБОЛУ БАХТИЕР ЗАЙНУТДИНОВ ПОПАЛ В СИМВОЛИЧЕСКУЮ СБОРНУЮ ПЕРВОГО КРУГА РПЛ.**

Зайнутдинов оказался в символической сборной первой части чемпионата России по версии авторитетного статистического сайта Whoscored. Оценка казахстанца, который выступает в ЦСКА на позиции центрального защитника, составила 7,3.

Полный список от Whoscored выглядит следующим образом:

Вратарь - Матвей Сафонов

(«Краснодар»), защитники - Даниил Хлусевич («Спартак»), Бахтиер Зайнутдинов (ЦСКА), Деян Ловрен, Дуглас Сантос (оба - «Зенит»), полузащитники - Малком, Вендел (оба - «Зенит»), Эдуард Сперцян («Краснодар»), Хорхе Карраскаль (ЦСКА), нападающие - Квинси Промес, Александр Соболев (оба - «Спартак»).



## ГДЕ ПОСМОТРЕТЬ ФУТБОЛ?

**ТЕЛЕКАНАЛЫ «КАЗАХСТАН» И QAZSPORT В ПРЯМОМ ЭФИРЕ ПОКАЖУТ МАТЧИ ЧЕМПИОНАТА МИРА ПО ФУТБОЛУ 2022 ГОДА В КАТАРЕ. ТЕЛЕРАДИОКОМПАНИЯ «КАЗАХСТАН» ПРИОБРЕЛА ПРАВА НА ТРАНСЛЯЦИЮ ЧМ. ПРИ ЭТОМ ОНЛАЙН-ТРАНСЛЯЦИЯ БУДЕТ ОСУЩЕСТВЛЯТЬСЯ ЧЕРЕЗ САЙТЫ QAZAQSTAN.TV, QAZSPORTTV.KZ И МОБИЛЬНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ QAZAQSTAN.TV.**

Группа А: Катар, Эквадор, Сенегал, Нидерланды  
Группа В: Англия, Иран, США, Уэльс;  
Группа С: Аргентина, Саудовская Аравия, Мексика, Польша;  
Группа D: Франция, Дания, Тунис, Австралия;  
Группа E: Испания, Германия, Япония, Коста-Рика;  
Группа F: Бельгия, Канада, Марокко, Хорватия;  
Группа G: Бразилия, Сербия, Швейцария, Камерун;  
Группа H: Португалия, Гана, Уругвай, Южная Корея.  
ЧМ-2022 пройдет в Катаре с 20 ноября по 18 декабря.

## АЛМАТЫ ПРИМЕТ ЧЕМПИОНАТ МИРА

**ЧЕМПИОНАТ МИРА ПО РАПИДУ И БЛИЦУ 2022 ГОДА СОСТОИТСЯ В ГОРОДЕ АЛМАТЫ, СООБЩАЕТ ДИРЕКЦИЯ РАЗВИТИЯ СПОРТА.**



Чемпионат будет разыгран в традиционные даты, с 25 декабря (прибытие и открытие) по 30 декабря (последний игровой день и закрытие).

Мероприятие стало возможным благодаря соглашению с Freedom Finance, которая становится Генеральным спонсором мероприятия.

Более подробная информация, включая информацию об отелях, визах и т.д. будет опубликован к 15 ноября.

Чемпионат мира по быстрым шахматам 2021 года проходил в столице Польши – Варшаве. У мужчин победу одержал представитель Узбекистана Нодирбек Абдусатторов. У женщин лучшей стала россиянка Александра Костенюк.

## СБОРНАЯ КАЗАХСТАНА ПО ВОДНОМУ ПОЛО НАЧАЛА ЧЕМПИОНАТ АЗИИ С ПОБЕДЫ

**В САМУТПРАКАНЕ (ТАИЛАНД) СТАРТОВАЛИ КОНТИНЕНТАЛЬНЫЕ СОРЕВНОВАНИЯ ПО ВОДНОМУ ПОЛО. ЭТОТ ТУРНИР ЯВЛЯЕТСЯ КВАЛИФИКАЦИОННЫМ.**

Призеры получают путевки на предстоящий чемпионат мира, который пройдет в японском Фукуока в 2023 году. Мужская сборная Казахстана, выступающая в группе А, в первом же матче уверенно обыграла хозяев бассейна – команду Таиланда. Счет: 15-4. Также в нашей группе дружины из Индии, Ирана и Южной Кореи. В группу В попали ватерполисты из Японии, Китая, Сингапура, Кувейта и Гонконга. Теперь подопечным Дамира Темирханова предстоит игра с Индией. Матч запланирован на 9 ноября, затем Иран (10 ноября) и Южная Корея (11 ноября). Четвертьфинальные встречи пройдут 12 ноября.

И вот состав нашей сборной:

Олжас Каныш, Мурат Шакинов, Даниил Матолинец, Егор Белоусов, Султан Шонжигитов, Руслан Ахметов, Данил Артюх, Максим Ламаев, Егор Бербелюк, Эдуард Цой, Темирлан Балфанбаев, Анатолий Пустовалов, Алексей Шмидер; Главный тренер – Дамир Темирханов.

У женщин на Азию приехали 6 команд. Это сборные Казахстана, Китая, Сингапура, Японии, Таиланда и Южной Кореи. Первую игру наши девушки проведут против кореянок. Матч состоится завтра. Следом играем с Китаем (9 ноября), Сингапуром (10 ноября), Японией (11 ноября), Тайланд (12 ноября). Четвертьфинал намечен на 13 ноября.



Состав нашей женской сборной: Александра Жаркымбаева, Анна Турова, Анна Новикова, Валерия Колесниченко, Виктория Хританькова, Виктория Каплун, Дарья Починок, Валерия Аносова,

Анастасия Цой, Дарья Муравьева, Дарья Рога, Анастасия Глухова, Елизавета Руднева; Главный тренер – Андрей Сазыкин.

Победители и призеры определятся 14 ноября.

## ДОБИЛСЯ ДОСРОЧНОЙ ПОБЕДЫ НАД ХОЗЯЙКАМИ ЧМ

**ЛУЧШАЯ ТЕННИСИСТКА СТРАНЫ ЕЛЕНА РЫБАКИНА ОДЕРЖАЛА ПОБЕДУ В МАТЧЕ ГРУППОВОЙ СТАДИИ ЧЕМПИОНАТА МИРА - КУБКА БИЛЛИ ДЖИН КИНГ. ДЛЯ СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА ЭТО УЖЕ ВТОРАЯ ПОБЕДА В ПРОТИВОСТОЯНИИ, ТЕМ САМЫМ КОМАНДА ДОБИЛАСЬ ДОСРОЧНОЙ ПОБЕДЫ НАД ВЕЛИКОБРИТАНИЕЙ.**

Соперницей 22-й ракетки мира из Казахстана была Хэрриет Дарт, занимающая 98-ю строчку в мировой классификации. Игра продлилась один час и 14 минут и завершилась победой Рыбакиной со счетом 6:1, 6:4.

На счету победительницы встречи пять эйсов, две двойные ошибки и четыре реализованных брейк-пойнта из восьми. Хэрриет ответила двумя подачами навелет, семью ошибками при вводе мяча в игру, а также одним реализованным брейк-пойнтом при наличии четырех попыток.

Матч начался с разведочных



геймов, но уже в третьем, на подаче Елены, британка навязала упорную борьбу сопернице. Однако Рыбакина не просто оставила за собой этот гейм, но и сделала брейк в следующем. В шестом гейме казахстанка снова оформила брейк, а затем довела партию до логического завершения - 6:1!

Второй сет начался с моментального брейка со стороны Елены, однако уже в четвертом гейме Дарт удалось вернуть должок сопернице. Геймы в середине партии были крайне упорными, и порой теннисисткам приходилось в буквальном смысле выгрызать победу на своей подаче. Но при счете 4:4, даже проигрывая 40:15 на приеме, Елена сумела выиграть четыре мяча подряд и оформить брейк в самый ответственный момент. Затем Рыбакина спокойно подала на матч - 6:4.

Счет личных встреч между теннисистками стал 3:0 в пользу Рыбакиной.

Ранее победу в своем матче одержала вторая ракетка страны Юлия Путинцева. Теперь счет в противостоянии 2:0 в пользу Казахстана, и командам осталось провести лишь заключительную парную встречу.

Напомним, что финальная часть Кубка Билли Джин Кинг проводится в Глазго (Шотландия, Великобритания).

## УСПЕШНОЕ ВЫСТУПЛЕНИЕ КАЗАХСТАНСКИХ ГИМНАСТОВ НА КУБКЕ МИРА

**КУБОК МИРА, КОТОРЫЙ ЗАВЕРШИЛСЯ В МАЛАЙЗИИ, СТАЛ УДАЧНЫМ СТАРТОМ ДЛЯ СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА ПО ЭСТЕТИЧЕСКОЙ ГРУППОВОЙ ГИМНАСТИКЕ. В СОРЕВНОВАНИЯХ РАЗЫГРАЛИ 2 КОМПЛЕКТА МЕДАЛЕЙ, В КАЖДОЙ КАТЕГОРИИ НАШИ ГИМНАСТЫ ВОШЛИ В ТРОЙКУ ПРИЗЕРОВ.**

Команда Кербез завоевала бронзовые медали в категории Женщины 16 лет и старше. В составе выступают Томирис Нуркасымова, Адель Омарова, Анна Клишина, Элика Мельниченко, Самира Смакова, Алёна Клишина, Елизавета Булатова. Тренируют спортсменов Заира Жакупова и Алуа Кабдыжалелова.

В категории Юниоры 14-16 лет третье место заняла команда Sunrise. Состав группы: Амина Бейганова, Томирис Болат, Алтынай Нуркенкызы, Амиля Кунанбаева, Анель Нұрсұлтан, Айлин Максұтова,

Аделия Турсынкожа. Подготовку ведут тренеры Жаннет Жабоева и Мадина Муталиева.

Достижения казахстанских спортсменов на спортивной арене свидетельствуют об уровне развития эстетической групповой гимнастики в Казахстане, слаженной работе коллектива тренеров, хореографов и судей, что отметила международная спортивная общественность.

Гимнасты продолжают оттачивать мастерство. В конце ноября у спортсменов состоится старт – Чемпионате мира в Австрии.



Полосу подготовили – Дамир ТУЛЕГЕН, журналист, Сауле МЕНДЫКУЛОВА, журналист, специально для газеты «Қазақ спорты»

# АУСТРАЛИЯДАН БІР-АҚ ШЫҚҚАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЧЕМПИОНДАР

**ҚАЗАҚСТАНДА ТАНЫЛЫП, КЕЙІННЕН ШЕТЕЛГЕ АСҚАН ЧЕМПИОНДАРЫМЫЗ ЖЕТЕРЛІК. ТІПТІ СОНау ЖАСЫЛ ҚҰРЛЫҚТАҒЫ АУСТРАЛИЯНЫ ТАҢДАҒАНДАР ДА БАР. БҮГІН СОНДАЙ ЕКІ СПОРТШЫМЫЗҒА ТОҚТАЛЫП ӨТПЕКПІЗ.**

## АЛЕКСАНДР ПАРЫГИН

Олимпиада бағдарламасына енген спорттың бірі – бессайыс. Ол атпен кедергілерден өту, семсерлесу, 25 метрлік қашықтықтан тапаншамен ату, 300 метрге еркін жүзу және 400 метрге кросс жүгіру секілді спорттың бес түрін қамтиды. Қазақ спортшылары үшін де бессайыс қиын спорт түрі емес. 1982 жылы марқұм Тимур Досымбетов қазақ жастары арасында осы спорттан әлем чемпионы атанды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары да табысты басталды. 1994 жылы Азия ойындарындағы командалық жеңіс, 1996 жылғы Олимпиада ойындарындағы Александр Парыгиннің толағай табысы еске түседі.

Сол Аустралия асқан спортшының бірі осы – Александр Парыгин. Чемпион қазір Жасыл құрлықта құрылыс саласындағы бизнеспен айналысады.

Азаматтық ауыстырғанша чемпионның жолы қалай болды? Осы сұраққа жауап іздеп көрсек.

Алматыдағы Қ.Ахметов атындағы Республикалық арнайы мамандандырылған мектеп-интернат колледжде тәлім алған Парыгинді 1996 жылы чемпион атанады деп ешкім күткен жоқ. Бір жыл бұрын әлем чемпионатында 10-орыннан аспағаны тағы бар. Ол кезде бұл спорттың элиталық өкілі болып ресейлік Эдуард Зенов пен Дмитрий Сватковский, венгр Ақош Ханзели мен Янош Мартинек, италиялық Чезаре Торальдо, француз Себастьян Делейн саналатын. Алайда мұхиттың ар жағындағы додада бәрі басқаша болды. 1996 жылғы ойында қазіргі бессайыс ережесі өзгеріп, бес турнирдің барлығы да бір күнде өткізілді. Бұл спортшыларға айтарлықтай қиындық тудырды.

Қазіргі бессайыстағы шешуші жарыс жүгіруге арналған. Александр мектепте оқып жүрген жылдары жүзумен айналысқан. Ату шеберлігіне оны спортқа еңбегі сіңген бапкер А.Бабушкин баулады. Қылыштасуды Қазақстанның ең мықты деген бапкерлері үйретті. 1996 жылғы Олимпиадада Парыгин бессайыстың

алғашқысы – дүбірлі тапаншамен ату-да 11-орын алды. Қылыштасудан үміті ақталып, бірінші орынға ие болды. Жүзуден 21-орынға тұрақтады. Атка салт мініп жүруден екінші орынға ие болды. Соңғысы жүгіру болатын. Мәреге бір жарым айналым қалғанда қазақстандық спортшы ресейлік Зеновты басып озды. Александр Парыгин осылайша жігерінің арқасында жеңіске жетіп, жанкүйерлерін таңғалдырды. Мамандар сенсацияға балады. Осы сәтті әйгілі фотограф Генри Шварц таспалаған екен.

– Атлантаға дейін алғашқы әлем чемпионатымда жақсы өнер көрсеттім. Көрсеткішім – 10-орын. Сондықтан 1996 жылғы Олимпиада ойындарына кемі қола жүлде үшін бардым. Менің алдымда өзім қазіргі бессайысты үйренген бірнеше спортшы жүгірді. Соңғы жағымда өліп шаршадым. Бірақ ішкі жан дүниемде бірдеңе темпті ұстап тұруға көмектесті. Ал Зеновтың құлаған сәтін өз көзіммен көрмедім. Көпшілік ол мені артымнан ұстаймын деп құлаған деп айтады. Шыны керек, ондай ештеңе сезбедім. Тек алға қарай жүгіре беріпін. Мәреге жеткенде қарсыластың құлағанын айтты, – дейді Александр Парыгин.

Олимпиаданың кейін көп нәрсе өзгерді. Парыгин елге танымал болып шыға келді. Атлантада Қазақстаннан барған үш спортшы чемпион атанды. Олар: Василий Жиров (бокс), Юрий Мельниченко (грек-рим күресі) және Александр Парыгин.

Мемлекет әрқайсысына 50 мың доллардан сыйақы үлестірді. Ол жылдары бұл көп ақша болатын. Сосын демеушілер тағы 50 мың доллардан, элиталық ауданнан пәтер, көлік, өзге де сыйлықтарды берді. Александр теледидар мен газет беттерінен түспейтін. Ел чемпионымен мақтанатын.

– Бұл естен кетпес уақыт болатын. Әлем түгелдей дерлік менің аяғымның астында секілді көрінді. Қазақстанды бәрі таныды. Шын мәнінде жұлдызға айналдым, – деп еске алады Парыгин.

1997 жылы әйелімен және бір жастағы ұлымен Аустралияға кетті. Әлбетте, спортшыны Жасыл



құрлықтағы елдің намысын қорғайды деп шақырғаны белгілі. Александрдың өзі және оған қамқор болған функционерлер Аустралияда тұрғанымен, Қазақстан намысын қорғайтынын айтты. Бірақ бәрі де түсінікті еді. Азаматтық ауыстыру уақыт еншісіндегі жұмыс еді. Парыгинге Тынық мұхитының жағалауында алаңсыз дайындық жасап, жайлы өмір сүруіне уәде етілді. Бірақ бәрі ол ойлағандай болған жоқ:

– Басында бәрі жақсы еді. Сидней Олимпиадасына дайындалып жүрдім. Сосын Аустралия азаматтығының болашағы жоқ екені белгілі болды. Мені шақырған азамат денсаулығына байланысты қызметінен кетті. Ал оның орнын басқандарға Парыгиннің бар-жоғы бәрібір еді. Сөйтіп далада қалғандай болдым...

Дегенмен Александр бірден бәрінен айырылды деуге келмес. Басында Қазақстанның көк төлқұжаты да бар болатын. Ол Қазақстан атынан жарыстарға қатысып жүрді. Бірақ нәтижесі төмендей берді. Медаль туралы айтудың өзі артық. Аустралияға қоныс аударған соң, Олимпиада чемпионы тіпті әлем кубогінің кезеңінде 32 финалистің қатарына да ене алмады. Осыған дейін жинаған спорттық бабын жылдам жоғалтып алды. Сол себепті мамандар 2000 жылғы Олимпиада ойындарына жолдама алмағанына таңғалған жоқ. Сидней Олимпиадасынан кейін Александр Аустралия азаматтығын алды. Алайда ол жақта ешкімге Олимпиада чемпионы қажет болмады. Төрт жылдықтың басты додасы аяқталды, Аустралияда қайтадан тыныштық басталды.

– Аустралияда крикет пен фути (аустралиялық футбол) және регби

танымал. Крикет және фути ойыншылары бай әрі беделі жоғары. Бессайысшылар және өзге де спорт түрінің өкілдері өздеріне гана үміттену керек. Мемлекет жалты алғанда үлкен спортты қаржыландырмайды. Олимпиада чемпионы Жасыл құрлықта құрметке бөлене қоймайды, – дейді спортшы.

Оның өміріндегі ең басты оқиғалар 1996 жылы болды. Сол жылы Олимпиада чемпионы атанды, дүниеге ұлы келді. Бұл бақытты сәттер еді. Спорттың шынына жеткен. Оның жетістігі Атланта Олимпиадасының ерекше жеңістерінің қатарына қосылды. Жеке өмірі де ғажайыптарға толы болатын. Сүйікті жары, сүйкімді ұлы, пәтер, көлік, ақша, танымалдылық... Бірақ оның бәрі өткен күннің еншісінде. Аустралияда көп нәрсе оған сабақ болды. Отбасымен ажырасты.

– Олимпиаданың кейін мені көшеде танығандар көбейді. Венгрияға барғанымда кедендік бекеттен тексермей-ақ өткізді. Өйткені ол жақта қазіргі бессайыс су добынан кейін №2 спорт түрі. Өз ақымақтығымнан Қазақстаннан кеттім. Оған қатты өкінемін. Жас болдым, энергия тасып тұрды. Қасымда тоқтататын ешкім болмады. Ертеңімді ойламадым. Қазақстанда елдің батыры болсам, мұнда жағдай керісінше өрбиді. Сосын өзіме сұрақ қойып көрдім: «Не үшін Аустралияға бардым?» Мұнда әйеліммен ажырастым. Өмір біршама өзгерді, – деп өкінеді Парыгин.

## ДИНА АСПАНДИЯРОВА

Ал қазақ қыздарының арасынан тәуелсіздік алғаш Олимпиада ойындарына қатысқан нысана көздеуші Дина

Аспандиярова да қазір Аустралияда тұрады.

Дина 1996 жылы Атлантаға жолы түскен 25 бұрымдының арасындағы жалғыз қазақ қызы болатын. Бірақ сол жолы өнер көрсете алмады.

Есесіне Аспандиярова 2000 жылы Сиднейде жүлдеге жақын болған. 10 метрлік қашықтықта пневматикалық тапанша көздеуден іріктеу кезеңінде үшінші орынға тұрақтады. Сосын финалда 8 мықтының арасында сәл қобалжып, алтыншы орынды қанағат тұтты.

Осыдан кейін Дина сол кездегі нысана көздеуден ұлттық құраманың бас бапкері Анатолий Бабушкинға тұрмысқа шығып, екеуі елден кетеді. Алдымен Ресей құрамасында өнер көрсетсе, кейін Аустралияға қоныс аударады. Дина Аустралияның атынан 2008 және 2012 жылғы Олимпиада ойындарына қатысқан.


Динаның елден кетуіне нысана көздеу спортынан Қазақстан құрамасына ұзақ жылдар бойы жетекшілік етіп келген Анатолий Бабушкин бас бапкерлік қызметінен босатылуы себеп болған тәрізді. Сидней Олимпиадасынан елдегі спорт басшылары бұл маманды қызметінен алып тастаған.

– Шыны керек, Қазақстанды сағынбаймыз. 2001 жылы бізді осы жерден кетуге мәжбүр етті. Сиднейдегі Олимпиада ойындарында алтыншы орын алдым. Ал қалғандары тек жиырмамыншы ішінде қалды. Соған қарамастан елдегі спорт басшылары менің көрсеткішіме көңілдері толмады. Ең соңында бәріне кінәлі Анатолий Григорьевич болып шыға келді. Медаль әкелмеді деп, 20 жылдан астам осы спорт түріне бар күшің салған адамды кінәлағандары дұрыс емес. Сосын көп ойланбай, шабаданымызды жинап кетіп қалдық. Әйтпесе оған дейін мұндай ой болмаған, – дейді Дина Аспандиярова.

Бабушкин Аустралияға барғаннан ақша жағынан ұтқанын айтады. «Мені 1993 жылдан бері шетелден шақырып жүрді. Бірақ ол кезде отан алдында өзімді борыштар сезінетінмін. Еліме керекпін деп ойладым. Бірақ қателесіппін», – дейді.

– Ақша бірінші орында емес. Дина екеуміз бірге тұра бастағаннан кейін егер шетелге кетсек, шақырған жерге емес, өзімізге ұнайтын елге барамыз деп шешкенбіз. Әйтпесе Қатар, Оман, Таиландтан ұсыныс түскен. Біз Ресей, Чехия, Аустралия мемлекеттерінің біреуін таңдадық. Сөйтіп Жасыл құрлыққа барғанымыз дұрыс деп ойладық, – дейді Анатолий Бабушкин.

Бек ТӨЛЕУ



## ● МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – «Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС

**Мәулетхан АҚСАНОВ** – Директор  
**Алмас ӘБДІКЕРІМҰЛЫ** – Бас редактор

**Мәдина АСЫЛБЕК** – Бас редактордың орынбасары  
**Бек ТӨЛЕУ** – жауапты хатшы  
**Оңдасын ЕЛУБАЙ** – ШҚО-дағы меншікті тілші  
**Едіге ОРАЗ** – тілші  
**Әділбек ҒАДЫЛ** – менеджер  
**Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ** – есепші

**Редакция мекенжайы:** 010000, Астана қаласы

Байланыс тел.: +77023840194

**Алматы қаласында:** Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.  
Тел.: 8/727/3784200, 3784202

• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.  
• «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.  
Жазылу индексі – 64190

• Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г

• Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.